

*Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы* – зерттеудің нәтижелері Қазақстанда банктерді «жасыл» экономиканы қаржыландыруға қатысуын ынталандыру мақсатында олардың жауапты қызметін мемлекеттік реттеуді жетілдіру кезінде қолданылуы мүмкін.

*Зерттеу нәтижелері* – «жасыл» банкингінің мәні қаралып, «жасыл» экономика жобаларын қаржыландырудағы банктердің рөлі айқындалды; Қазақстанның банк секторының құрылымы мен жай-күйіне талдау жасалды; «жасыл» банкингінің қалыптасуын тежейтін факторлар анықталды; банк реттеушілері тиісті мемлекеттік саясат кезінде банктердің қызметін реттей отырып, қаржы ресурстарын экологиялық жобаларға бағыттауға жәрдемдесуге қабілетті екендігі атап өтілді, ол үшін монетарлық саясат пен макропруденциалдық саясат құралдары қолдануы мүмкін. Қазақстан экономикасының тұрақты даму мақсаттарын қамтамасыз ету, «жасыл» технологияларды дамыту, экологиялық таза өндірістерді қаржыландыру үшін «жасыл» банкингіні дамыту, ерекше маңызға ие болып тұр деген қорытынды жасалды.

*Түйін сөздер:* тұрақты даму, «жасыл» қаржыландыру, жауапты инвестициялар, «жасыл» банкингі, қаржы жүйесі.

*Алғыс:* Зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің мемлекеттік гранты шеңберінде дайындалған (№ AR08856044 «Қазақстандағы экологиялық жауапты инвестицияларды қаржылық қолдаудың тиімді экожүйесін қалыптастыру»).

## ОБ АВТОРАХ

**Куур Ольга Вячеславовна** – кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанский технический университет имени Д. Серикбаева, Усть-Каменогорск, Республика Казахстан, e-mail: ovk\_pal@mail.ru.

**Варавин Евгений Владимирович** – кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанский технический университет имени Д. Серикбаева, Усть-Каменогорск, Республика Казахстан, e-mail: vev1974@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7257-9213\*

**Козлова Марина Васильевна** – кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанский технический университет имени Д. Серикбаева, Усть-Каменогорск, Республика Казахстан, e-mail: Mara\_koz@mail.ru, ORCID: 0000-0002-3381-4997.

MPNТИ 06.77.64

JEL Classification: J65

<https://doi.org/10.52821/2789-4401-2021-5-18-32>

## ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАСТАР ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

**Р. К. Сабинова<sup>1\*</sup>, Г. Ж. Каримбаева<sup>2</sup>, А. К. Джумаева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы

---

## АНДАТПА

*Зерттеу мақсаты* – Қазақстан жастарының жұмыспен қамту, еңбек нарығы және еңбек көші-қоны мәселелері туралы қоғамдық пікірді зерттеу, сондай-ақ жастардың еңбек нарығын реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

*Әдіснамасы.* Қазақстанның 14 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаласының: Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық елді мекендерінің аумағында, Атырау облысы бойынша Атырау қаласы мен 7 ауданында Қазақстандағы 18-25 жастағы жастардың әлеуметтік хал-ахуалы, соның ішінде жұмыспен қамту, еңбек нарығы және еңбек көші-қоны проблемалары туралы жастардың пікірін білу үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 18-25 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының жастары қатысты. Зерттеудің іріктемелі жиынтығының жалпы көлемі 4 000 адамды құрады.

*Зерттеудің бірігейлігі / құндылығы.* Қазақстан Республикасы жастар еңбек нарығы мен еңбек көші-қонына қатысты «COVID-19» кезіндегі мәселелер анықталды.

*Зерттеудің нәтижелері.* Қазақстан жастар еңбек нарығы, жастар жұмыссыздығы мен жастар еңбек көші-қон мәселелері қарастырылып, сауалнама жүргізуден алынған нәтижелер бойынша жастар еңбек нарығын мемлекеттік реттеу бойынша ұсыныстар берілді. Атап айтқанда, жастарды жұмыспен қамтуда кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау, еңбек нарығы инфрақұрылымын цифрландыру, жастардың кәсіби дағдыларын дамыту.

*Түйін сөздер:* жастар еңбек нарығы, еңбек нарығын мемлекеттік реттеу, жастар жұмыссыздығы, жастар еңбек көші-қоны, жастарды жұмыспен қамту.

*Алғыс.* Зерттеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруы шеңберінде жүргізілді (мемлекеттік тіркеу нөмірі AP08956950 «Қазақстан Республикасында белгісіздік жағдайында жұмыссыз жастарды әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру»).

Осы тұрғыдан жобаны қаржыландырған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетіне, зерттеуді жүргізуде жобаға қатысушы әріптестерімізге және зерттеу бойынша сауалнаманы өңдеуге қатысқан ресейлік әріптесіміз А. В. Григорьев пен А. В. Роговке алғыс білдіреміз.

## КІРІСПЕ

2020 жылдың наурыз айынан бастап сандық көрсеткіштердің төмендеуі барлық салаларда байқалады. Бұрын бір стандарт бойынша ондаған жылдар бойы жұмыс істеуге болатын, ал қазір жұмысқа деген көзқарас жылына бірнеше рет өзгеруде. Көптеген құзыреттер тез ескіретін жағдайда «икемді дағдылар» бірінші орынға шығады: логикалық және сыни тұрғыдан ойлау, креативтілік, өзгерістерге бейімделу, адамдармен қарым-қатынас құру және күрделі мәселелерді шешу қабілеті. Пандемия еңбек нарығына айтарлықтай өзгерістер әкелді. Уақытша жұмысынан айрылған жұмыссыздардың санының көбеюі ұзақ уақыт жұмыссыз қалғандардың қатарын толтыруы ықтималдығы жоғары [1].

Жұмысқа орналасу мүмкіндігі жұмыс іздеуде және жұмыссыз жастардың әл-ауқатында маңызды рөл атқаруы мүмкін. Зерттеушілер жұмыссыздықтың үш аспектісіне байланысты жұмысқа орналасу мүмкіндігін атап өтеді: жұмыссыздық кезіндегі өзін-өзі бағалау; жұмыссыздық кезеңінде жұмыс іздеу; қайта жұмысқа орналастыру (6 айдан кейін) [2].

Жастардың жұмысқа орналасуында олардың креативті ойлау қабілеті, мансаптық өзіндік тиімділік, білім деңгейі, жұмыс тәжірибесі, әлеуметтік қолдау сияқты индикаторларды осы бағыттағы зерттеушілер жастар еңбек нарығын зерделеуде қолданып жүр [3].

Өзін-өзі дамыту және жаңа дағдыларды игеру заманауи еңбек нарығының жалғыз трендіне айналды [4; 5].

Жастардың еңбек нарығын мемлекеттік реттеуді жастардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік ықпал ету жүйесі ретінде қарастырған жөн [6; 7]. Өз кезегінде, жастардың еңбек нарығын реттеу – бұл жұмыспен қамту саласын ғана емес, сонымен бірге қоғамның экономикалық жүйесінің барлық элементтерін қамтитын кешенді шаралар жүйесі [8; 9].

Ғылыми еңбектерде еңбек нарығын мемлекеттік реттеу түрлі бағытта анықталады [10]. Сигхалдих және басқа да ғалымдар еңбек нарығын мемлекеттік реттеуде қарастыра келе, еңбекке орналастыру мүмкіндіктерін, қайта даярлау, кәсіби дағдыларын жетілдіру мен кәсіби өсуді жүзеге асыру, кәсіби

дағдыларды қалпына келтіру, табыс табу, еңбек қауіпсіздігін қоса алғанда жалдамалы еңбекті қорғауға аса назар аудару керек деп есептейді [11].

Осындай жалдамалы еңбекті қорғау үшін мемлекет заңнамалық тұрғыдан әлеуметтік кепілдікті тағайындап, жұмыскерлер мен жұмыссыздарды әлеуметтік қорғауда арнайы тетіктерді енгізу керек [12].


Халықты әлеуметтік қолдау тұжырымдама емес, оның тарихи негізі бар екендігін Андерссон өз еңбегінде дәлелдейді. Халықты әлеуметтік қолдаудың алғашқы тетіктері Германияда XIX ғасырда жасалған болатын, мемлекет сол кездің өзінде-ақ халық үшін түрлі әлеуметтік бағдарламалар әзірлеп, қомақты қаражат бөле бастады [13].

### ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Зерттеудің әдіснамалық негізіне танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері кірді. Жүйелі және кешенді зерттеу тәсілдерін пайдалану жастардың еңбек нарығының ерекшеліктерін мемлекеттік реттеу объектісі ретінде айқындауға және оны мемлекеттік реттеудің кешенді тетігін әзірлеу қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында Қазақстан 14 облысы, соның ішінде Атырау облысы бойынша Атырау қаласы мен 7 ауданда және республикалық маңызы бар үш қалада Қазақстан жастары арасында онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға төрт мың жастар қатысты.

Ең алдымен зерттеуде қолданылған таңдау жиынтығының құрылымына тоқталып өтейік. Сауалнаманы жүргізу кезеңінде сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі (62,4 %) жұмыс жасамады; төрттен бірі (24,7 %) кәсіпорында жұмыс жасайтындықтарын атап өтсе, 12,9 % өзін-өзі жұмыспен қамтығандар есебінде болды (Сурет 1).




Сурет 1 – Сауалнамаға қатысушылардың жұмыспен қамтылу жағдайы

Ескерту – сауалнама нәтижесі бойынша авторлармен құрастырылған

Жұмыспен қамтылған респонденттерге «Неліктен дәл осы жұмыс орнын таңдадыңыз?» деген сұрақ қойылғанда, келесі жауаптар алынды: осы жұмыс түрі өзіме ұнайды (37,8 %), осы ұжым ұнайды (22,9 %), жоғары жалақы төлейді (22,3 %), жұмыс уақыты икемді (17,6 %), осы қызметті жұмыс жасап үйреніп қалдым (14,7 %), басқа баламалы жұмыс орны табылмады (12,9 %). Ұсынылған мәселе бойынша талдау жұмыстарын жалғастыру барысында әйел адамдары мен ер адамдардың пікірлерінің ерекшеліктері салыстырылды. Алынған деректер негізінде ер адамдар әйел адамдарға қарағанда өздеріне жұмыс ұжымы ұнайтындығын, жалақы көлемі қанғаттандыратындығын, жұмыс орнына үйреніп қалғандығын атап өтіп, сонымен қатар ер адамдар бойынша респонденттер «тағы басқа» нұсқасын

көбірек таңдаған. Ал әйел адамдар өздерінің жұмыс жасап жатырған жұмыстарының ұнайтындығын, жұмыс орнының орналасу орны, өздеріне ыңғайлы уақытта жұмыс жасай алатындығы, сонымен қатар икемді жұмыс уақыты ұнайтындығын атап өткен. Айта кететін жағдайлардың бірі, әйел адамдар ер адамдарға қарағанда сол кездегі ұсынылып отырған жұмыс орны бойынша басқа баламалардың жоқ екендігін көрсетеді.

Ал жұмыспен қамту мәселесі бойынша «жұмыссыз» статусын таңдағандарға «Неліктен жұмыс таба алмай жүрсіздер?» деген сұрақ қойылған болатын. Нәтижесі 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Респонденттердің жұмыс жасамауының себептері  
 Ескерту – сауалнама нәтижесі бойынша авторлармен құрастырылған

Басты себебі: жастардың басым бөлігі (29,4%) пандемия кезеңінде шағын және орта кәсіпорындардың жабылуына байланысты жұмыссыз қалған. Ал қалған респонденттер (22,8 %) өз жауаптарын берді. Олардың арасында «студент қатарындамын», «білім алудамын», «бала күтімімен үйде отырмын», басқаша айтқанда «басқа себеп» бөлігіне «жұмыс іздеу қажеттілігі жоқ» (18 %) деген нұсқалар жиі кездеседі.

Сауалнамаға қатысқан ер адамдар мен әйел адамдардың жауаптарын салыстыра отырып, пандемия уақытында шағын және орта кәсіпорындардың жабылуына байланысты ер адамдардың басым бөлігі жұмыссыз қалғандығын байқаймыз, ал әйел адамдар өз жауаптарын берген (Кесте 1).

Тұрғылықты мекен жайлары бойынша респонденттердің жұмыс жасамау себептеріне талдау жасайық. Мамандықтары бойынша жұмыстың жоқ екендігін Солтүстік Қазақстан облысының (18,6 %), Жамбыл облысының (18 %) және Нұр-Сұлтан қаласының (14,9 %) тұрғындары атап өткен. Ақмола (23,4 %) мен Маңғыстау облыстары (23,3 %), Шымкент қаласының тұрғындары (19,8 %) жұмыссыздықтың жоғары деңгейін нұсқады. Пандемия салдары бойынша шағын және орта кәсіпорындардың жабылуынан Шығыс Қазақстан облыстары (32,5 %), Түркістан (32,3 %) және Қызылорда облыстарының тұрғындары (28,1 %) жұмыссыз қалған. Қандай да бір белгілер бойынша дискриминациялардың болуы Қостанай облысында (12,6 %), Солтүстік Қазақстан облысында (9,8 %), Павлодарда (9,3 %) орын алған.


Заманауи жағдай талабына сәйкес дағдылардың болмауы Шығыс Қазақстан облыстарының (20,5 %), Алматы облысының (15,8 %), Солтүстік Қазақстан облысының (12,7 %) тұрғындары арасында кездеседі. Солтүстік Қазақстан облыстары (28,4 %), Қарағанды облысы (21,3 %), Нұр-Сұлтан қаласының (19 %) тұрғындары жұмыс жасау ниетіміз немесе жұмыс іздеу қажеттілігі жоқ деп жауап

берді. «Басқа» категориясын Қызылорда облысының (38,5 %), Батыс Қазақстан облысының (30,6 %), Түркістан облысының (30,1 %) тұрғындары белгілеген.

Кесте 1 – Респонденттердің (әйел және ер адамдар) жұмыс жасамауының себептері, (%)

Респондент жұмыс жасамауының себептері	Ер адамдар	Әйел адамдар
Мамандығы бойынша жұмыс жоқ	11,8	10,1
Жұмыссыздық деңгейі өте жоғары	16,9	13,9
Пандемия нәтижесінде шағын және орта бизнес кәсіпорындарының жабылуы	25,1	24,3
Өр түрлі белгілер бойынша дискриминация	5,5	7,1
Заманауи жағдайларға байланысты дағдының болмауы	8,9	9,1
Жұмыс іздеу ниетінің / себептерінің болмауы	16,8	14,1
Басқа себеп	15,1	21,3
Ескерту – сауалнама нәтижесі бойынша авторлармен құрастырылған		

Келесіде респонденттерден жұмыс іздеу үшін Қазақстанның басқа аймақтарына қоныс аудару мәселелері туралы сұрақтар қойылған еді. Сауалнамаға қатысқандардың төрттен үш бөлігі (72,9 %) жұмыс іздеу үшін Қазақстанның басқа аймақтарына көшу қажет емес деп санайды (Сурет 3).



Сурет 3 – Жұмысқа орналасу үшін Қазақстанның басқа аймақтарына қоныс аударғысы келетіндер  
Ескерту – сауалнама нәтижесі бойынша авторлармен құрастырылған

Сонымен қатар, ер адамдар әйел адамдарға қарағанда жұмысқа орналасу үшін Қазақстанның басқа аймақтарына қоныс аударуға ниет білдіреді екен, 28,1 % және 26,6 % сәйкесінше (Кесте 2).

Кесте 2 – Жұмысқа орналасу үшін Қазақстанның басқа аймақтарына қоныс аударғысы келетіндер, (ер адамдар және әйел адамдар), (%)

Жұмысқа орналасу үшін Қазақстанның басқа аймақтарына қоныс аударғысы келетіндер	Иә	Жок
Ер адамдар	28,1	71,9
Әйел адамдар	26,6	73,4
Ескерту – сауалнама нәтижесі бойынша авторлармен құрастырылған		

Жұмысқа орналасу үшін Қазақстанның басқа аймақтарына қоныс аударғысы келетіндердің басым бөлігі Шығыс Қазақстан облысында, Батыс Қазақстан және Алматы облыстарында (47,9 %, 47,5 % және 39,2 % сәйкесінше) тұрады. Сонымен қатар Солтүстік Қазақстан облысы (91,7 %) тұрғындары мен Ақмола және Қарағанды облыстарының (84,5 % және 82,4 %) респонденттерінің басым бөлігі Қазақстанның басқа аймағына жұмысқа орналасу үшін көшуді құптамайды екен (Кесте 3).

Кесте 3 – Қазақстанның әр аймағында орналасқан тұрғындардың жұмысқа орналасу үшін Қазақстанның басқа аймақтарына көшуге ниет білдіруі, (%)

Аймақ	Ия	Жоқ
Ақмола облысы (Көкшетау қаласы)	15,5	84,5
Ақтөбе облысы (Ақтөбе қаласы)	29,2	70,8
Алматы облысы (Талдықорған қаласы)	39,2	60,8
Атырау облысы (Атырау қаласы)	26,7	73,3
Батыс Қазақстан облысы (Орал қаласы)	47,5	52,5
Жамбыл облысы (Тараз қаласы)	26,0	74,0
Қарағанды облысы (Қарағанды қаласы)	17,6	82,4
Қостанай облысы (Қостанай қаласы)	19,0	81,0
Қызылорда облысы (Қызылорда қаласы)	29,8	70,2
Маңғыстау облысы (Ақтау қаласы)	23,0	77,0
Түркістан облысы (Түркістан қаласы)	34,7	65,3
Павлодар облысы (Павлодар қаласы)	35,9	64,1
Солтүсік Қазақстан облысы (Петропавловск қаласы)	8,3	91,7
Шығыс Қазақстан облысы (Өскемен қаласы)	47,9	52,1
Нұр-Сұлтан қаласы	26,1	73,9
Алматы қаласы	22,2	77,8
Шымкент қаласы	21,0	79,0
Ескерту – сауалнама нәтижесі бойынша авторлармен құрастырылған		

Ал жұмысқа орналасу мақсатында Қазақстанның басқа аймақтарына көшуге дайын респонденттерден оның себебі сұралды. Ең басты мақсаттары: білім алу, өмір сүру жағдайын арттыру, тұрғын үй сатып алу (53,1 %, 39 % және 31,6 % сәйкесінше) (Сурет 4).



Сурет 4 – Респонденттердің Қазақстанның басқа қалаларына көшу себептері, (%)

Ескерту – сауалнама нәтижесі бойынша авторлармен құрастырылған

Ер адамдар да, әйел адамдар да жоғарыда аталған 3 мақсатты атады. Бірақ ер адамдардың білім алуға ұмтылысы өмір сүру жағдайын арттыру ынтасымен (16,2 % және 15,6 % сәйкесінше) бірдей болса, әйел адамдар да дәл солай білім алуға (23,4 %) және өмір сүру жағдайын арттыру (17,6 %) үшін басқа қалаға көшуге дайын (Кесте 4).


Кесте 4 – Респонденттердің (ер адамдар және әйел адамдар) Қазақстанның басқа қалаларына көшу себептері, (%)

Респонденттердің Қазақстанның басқа қалаларына көшу себептері	Ерлер	Әйелдер
Жұмысқа орналасу үшін	26,6	29,4
Білім алу үшін	16,2	23,4
Бақшада, қаланың сыртындағы үйде өмір сүру үшін	5,7	2,4
Некеге тұру үшін	6,0	3,2
Өз балаларына, туысқандарына көмектесу үшін	10,1	5,5
Өмір сүру жағдайын жетілдіру үшін, тұрғын үй сатып алу үшін	15,6	17,6
Медициналық көмекке жүгіну үшін	4,6	4,3
Экологиялық қолайлы аймақта өмір сүру үшін	14,4	13,0
Тағы басқа	0,9	1,2

Ескерту – сауалнама нәтижесі бойынша авторлармен құрастырылған

Жұмыс іздеу үшін Қазақстанның басқа қалаларына көшетін респонденттерге «Жұмысқа орналасу үшін неліктен Қазақстанның басқа қалаларын таңдайсыз?» деген сұрақ қойылды. Бұл респонденттердің пікірінше, Қазақстанның басқа аймақтарында жұмыс жасағанда мансаптық өсу мүмкіндігі бар (39,1 %), жалақы көлемі жоғары (38,9 %) деген жауаптар алынды.


Еңбек көші-қонының келесі бір себебі жақсы еңбек жағдайларын іздеу (32,7 %) болды (Сурет 5).



Сурет 5 – Еңбек көші-қонының себептері (жұмысқа орналасу үшін өз қоныстарын ауыстыруға дайын еңбек ресурстарына қатысты, %)

Ескерту – сауалнама нәтижесі бойынша авторлармен құрастырылған

Сауалнаманың келесі сұрағы респонденттердің қандай да бір себептермен шетелге кету жағдайларын қарастырды. Жалпы айтқанда, сауалнамаға қатысқандардың 9,9 % бөлігі ғана шетелге көшу туралы нақты ойлаған, ал тұрғындардың үштен бір бөлігі (35,2 %) кейде шетелге кетуді ойлап қояды, яғни жалпы алғанда, сауалнамаға қатысқандардың 45,1 % бөлігі ғана шетелге көшу туралы ойласа, тұрғындардың жарты бөлігі (54,9 %) елден көшкісі келмейді. (Сурет 6).



Сурет 6 – Басқа елге көшу мүмкіндігі туралы пікірлер  
Ескерту – сауалнама нәтижесі бойынша авторлармен құрастырылған

Ер адамдарға қарағанда әйел адамдар (45,8 %) басқа елге көшу жағдайларын қолдайды, алайда, ерлердің ішінде нақты көшкісі келетіндер саны жоғары (12,3 %).

Жаңа жұмысқа орналасу үшін Қазақстаннан кеткісі келетін респонденттер 3 түрлі себеппен кетеді екен: шетелде жалақы жоғары (100 %-дың 26,1 %), еңбек жағдайлары қолайлы (22,6 %), карьералық өсу мүмкіндігі жоғары (19,7 %).

Жастардың жұмыспен қамтылу деңгейінің жоғарылауы кез-келген мемлекеттің тұрақты экономикалық дамуының маңызды шарты болып табылады, сондықтан шетелде жастардың жұмыспен қамтылу проблемалары өзекті болып табылады, олардың шешімі қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді.

Әлемдік экономикалық жүйенің белсенді сын-қатерлеріне жауап бере отырып, бірқатар мемлекеттер халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) саясатын қолдай отырып, іске асыруда белсенді рөл жекелеген институттарға тиесілі жастардың еңбек нарығын реттеудің белгілі бір тетіктерін қолданады [14].

Жастар еңбек нарығының маңызды сипаттамалары жас жұмыс күшінің ерекшелігімен анықталады. Атап айтқанда, жастардың еңбек нарығы келесілермен сипатталады:

- жастардың сенімсіздігінен туындаған сұраныс пен ұсыныстың тұрақсыздығы;
- жұмыс тәжірибесі бар жоғары жұмыс күшімен салыстырғанда жастардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі;
- жұмыс күшінің тұрақты өсуі, бұл жас қызметкерлердің оқу орындарынан жыл сайын шығарылуына байланысты;
- әр түрлі мамандықтар бойынша жастардың кәсіби дайындығына байланысты кәсіби вариативтілік [15].

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, жастар еңбек нарығын мемлекеттік реттеу тетігі жастардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін және оның жұмыспен қамтылуына ықпал ететін қағидаттарды, функцияларды, нысандарды, әдістер мен құралдарды пайдалана отырып,



жастардың еңбек ресурстарын дамыту және орналастыру бойынша әлеуметтік-еңбек қатынастарына қатысушыларға мемлекеттің нысаналы әсерін білдіреді.

Барлық елдерде коронавирустық пандемия және оған байланысты шектеулер экономикалық қызметтің тоқтатылуына әкелді, мектептердің, кеңселердің, сауда нүктелерінің және т.б. жабылуы мемлекеттік реттеу болмаған кезде мұндай жағдай қашықтықтан жұмыспен қамтуға ауыстыруға болмайтын қызметкерлердің жаппай босатылуына әкеп соқтырды [16]. Сондықтан жастар еңбек нарығын мемлекеттік реттеу, жастарды, соның ішінде жұмыссыз жастарды әлеуметтік қорғау бүгінгі күні өзекті мәселе.

Жастарды әлеуметтік қорғау бойынша шетелде жұмыссыздық бойынша жәрдемақыларға қол жеткізуді жеңілдету, олардың мөлшері мен төлем ұзақтығын ұлғайту есебінен жұмысынан айырылған адамдарды қолдауға бағытталған. Бұл мысалы Болгарияда, Қазақстанда, Норвегияда, Румынияда, Словенияда, АҚШ-та, Финляндияда қолданылады. Сонымен қатар карантиннен шығып, экономиканың жандануына байланысты жұмысшылар өздерінің жұмыс орындарына оралуы үшін жұмыспен қамтудың барынша мүмкін сақталуына (жалақыны субсидиялау және толық емес жұмыспен қамтуды қолдау арқылы) назар аударады. Бұл Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Дания, Испания, Италия, Корея Республикасы, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Түркия, Франция, Эстония, Жапония және т.б. елдерде қарастырылған. Кейбір елдер жұмыспен қамтуды сақтау және жұмыссыздық бойынша жәрдемақылардың қол жетімділігін кеңейту құралдарын қолдануды біріктіреді. Мысалы, Армения, Канада, Қытай, Филиппин, Швеция елдерінде [17].

Жұмысынан айырылған адамдардың жұмыспен қамтылуын қорғау немесе кірістерін қолдау бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, пандемия кезінде ауырып қалу қаупі жоғары, сондай-ақ шектеу шараларының салдары (балабақшалар мен мектептерге бару үшін жабылу, онлайн білім беруге көшу, экономиканың тұтас секторларының қызметін тоқтату және т.б.) халықтың қалың жіктерінің өмір сүру сапасы мен деңгейіне теріс әсер ететіні анық. Сондықтан еңбек нарығын қолдауға бағытталған іс-шаралармен қатар, көптеген елдердің үкіметтері (2020 жылдың 1 мамырдағы жағдай бойынша) пандемия жағдайында халықты әлеуметтік қолдаудың белгілі бір шараларын қабылдады. Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша, 2020 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша COVID-19-ға жауап ретінде қабылданған бағдарламалардың көпшілігі сақтандырылмаған (455 шара немесе барлық шаралардың 60 %) және тек 27 % (200 шара) сақтандырылған болды. Бұл таңқаларлық емес, егер пандемияның дамуына тез жауап беру қажет болса, үкіметтер негізінен әлеуметтік қорғауды ұйымдастырудың қолданыстағы тәсілдеріне сүйенеді, ал сақтандырылмаған әлеуметтік көмек бағдарламалары, әсіресе дамушы елдерде, әлеуметтік сақтандыру бағдарламаларына қарағанда жиі кездеседі. Әлеуметтік сақтандыру шеңберіндегі дағдарысқа қарсы шаралардың көпшілігін Еуропа елдері қабылдағаны кездейсоқ емес. Дағдарысқа дейінгі кедейлік пен жұмыссыздық деңгейі неғұрлым төмен елдерде дағдарыс кезеңінде әлеуметтік қолдаудың әмбебап жүйелері (қамту бойынша) бойынша сақтандырылмаған қолдаудың мейлінше аз жаңа шараларын ұсынады, өйткені қолда бар құралдар жеткілікті емес [17].

### **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ҚОРЫТЫНДЫ)**

Сонымен, еңбек нарығын мемлекеттік реттеу де әртүрлі жолдармен анықталады. Еңбек нарығын мемлекеттік реттеуді қарастырған кезде ғалымдар жұмысқа орналасу, қайта даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіби өсу, кәсіби дағдыларды қалпына келтіру, ақша табу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мүмкіндіктерін қамтитын жалдамалы еңбекті қорғауға назар аударады. Мұндай еңбекті әлеуметтік қорғау үшін мемлекет негізінен заң жүзінде негізгі әлеуметтік кепілдіктерді белгілеуі, оларды іске асыру тетігі мен әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі функцияларды енгізуі тиіс.

Осылайша, авторлар қазақстандық және шетелдік тәжірибеде пандемия жағдайындағы еңбек нарығын реттеу мәселелеріне тоқталды.

Қазақстан Республикасы жастарының еңбек нарығы мен еңбек көші-қонына қатысты қоғамдық пікіріне зерттеу жүргізілді. Ең алдымен, бірқатар оң үрдістерді атап өткен жөн – жұмыссыздықтың детерминанттарын талдай отырып, қазіргі уақытта жұмыс істемейтін немесе жұмыс іздеуді қажет ет-

пейтін немесе объективті себептермен (оқу, бала күтімі бойынша демалыс) жұмыс істей алмайтын респонденттердің үштен бірінен көбі деген қорытынды жасалды. Сонымен қатар, жұмыссыздардың 15 %-дан азы жұмыссыздықтың мамандық бойынша жұмыстың болмауы немесе белгілі бір міндеттерді орындау үшін қажетті дағдылардың болмауы сияқты жағымсыз себептерін көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының жас азаматтар арасында жұмыссыздықтың ең көп тараған себебі пандемияның теріс салдары және осыған байланысты шағын және орта бизнестің жабылуы болғанын атап өткен жөн.

Ішкі еңбек көші-қоны туралы айтқанда, сұралғандардың еңбек ұтқырлығының айтарлықтай төмен екенін атап өтуге болады – олардың төрттен үш бөлігі жұмыс іздеу үшін Қазақстанның басқа өңіріне көшуге дайын емес. Сонымен қатар, егер жастардың Қазақстанның басқа өңіріне көшуге дайын болу себептерін салыстыратын болсақ, онда жұмыс іздеу бірінші орынға шығады. Сауалнама көрсеткендей, ішкі еңбек көші-қонының драйверлері мансаптық өсу перспективаларын, жоғары жалақыны және тартымды еңбек жағдайларын іздеу болып табылады. Сондай-ақ басқа елге көшуге ықтималдылық сияқты параметрді зерттелді. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының жастары үлкен ұтқырлықты көрсетті – сұралғандардың жартысына жуығы осы мүмкіндікті қандай да бір дәрежеде қарастыруда. Алайда, бұл жерде айта кету керек, елден кету өте аз – шамамен 10 %. Эмиграцияның ең танымал бағыттары АҚШ, Канада және Еуропалық Одақ елдері болды. Кейіннен басқа елге көшуге дайын респонденттерге эмиграцияның себебі неде деген сұрақ қойылды. Әлеуетті эмигранттардың көпшілігі жұмыс іздеу үшін Қазақстаннан кетуге дайын екендіктерін айтты. Балаларға лайықты болашақты қамтамасыз ету және шенеуніктердің озбырлығынан қорғау сияқты нұсқалар осы себептерден едәуір артта қалады.

«Басқа елде жалақы көбірек», «басқа елде еңбек жағдайлары жақсы», «басқа елде мансаптық өсу перспективалары жақсы» – бұл жаңа жұмысқа орналасу үшін Қазақстаннан кетуді жоспарлаған респонденттердің кетуінің негізгі себептері. Басқа елге көшуді қарап жатқан респонденттердің шамамен 10 %-ы олардың Қазақстаннан жаңа жұмыс іздеу үшін көшуінің себебі өз елінде жеке бизнесін дамытудың күрделілігінің себебі болып табылатынын көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің көпшілігі (31,1 %): «Сіз COVID-19 пандемиясына байланысты жұмысқа орналасу үшін қандай да бір жағымсыз әсерлерді сездіңіз бе?» деген сұраққа өздерінің жұмысқа орналасу тұрғысынан жағымсыз салдарларды сезінді.

COVID-19 пандемиясының салдарын сезінген респонденттердің жауаптарының ішінен жұмысқа орналастыру жоспарында пандемияға байланысты халықты жұмысқа орналастыру үшін мынадай негізгі теріс салдарлар анықталды: 1) Жұмыс саны азайды (клиенттер саны азайды / жалақы сақталмайтын демалысқа шығару, жарты савкаға ауыстыру және басқалары) (41,5 %); 2) жалақы азайды (21,8 %); 3) еңбек жағдайы нашарлады (18,6 %).

Қазақстандағы қазіргі жастардың жартысына жуығы COVID-19 пандемиясының теріс салдарын еңсеру үшін қандай да бір іс-қимыл жасады. Олардың негізгі әрекеттері: жаңа жұмыс іздеу, жұмысты онлайн форматқа ауыстыру, жеке бизнесіндегі өзгерістер (егер бар болса), біліктілікті арттыру курстарынан өту, жұмысты ауыстыру.

Сауалнамаға қатысушылардың негізгі бөлігі (43,0 %) адам ең алдымен өз өмірін өзгертіп, жаңа еңбек жағдайларына бейімделуге тырысуы керек дейді. Респонденттердің негізгі бөлігі (45,1 %) өз өмірін өзгертуге, пандемия жағдайында жаңа еңбек жағдайларына бейімделуге дайын. Сауалнамаға қатысқан Қазақстан жастары өкілдерінің 32 %-дан астамы өздерін COVID-19 пандемиясының жағдайына байланысты өзгерістерге дайын емес деп санайды. Респонденттердің негізгі бөлігі өз өмірін өзгертуге дайын, пандемия жағдайында жаңа еңбек жағдайларына бейімделуге тырысады, жаңа дағдыларды алуға, біліктілікті арттыру курстарынан өтуге, жеке кәсіп ашуға (26,2 %), жаңа мамандық алуға (18,5 %) дайын.

Осы сауалнаманың нәтижесі бойынша Қазақстанда жұмыссыздық деңгейін төмендету тұрғысынан еңбек нарығын мемлекеттік реттеуде мемлекет алдында тұрған негізгі және басты міндеттер мыналар болып табылады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы нақты күрес;
- жастарды қазіргі заманғы сұранысқа ие мамандықтарға оқыту;

- шетелдік компаниялардың жұмыс жасау жағдайын өзгерту. Атап айтқанда, жергілікті халықты, соның ішінде жастарды көбірек жұмысқа орналастыру;
- бизнесті жүргізу тәртібін оңайлату;
- жұмыссыздарды қайта даярлау бағдарламаларын құру;
- пандемия жағдайында жұмыссыз жастарды әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді іске асыру жаңа цифрлық ақпараттық технологияларды дамыту мен қолданудың қазіргі мәселелерін ескере отырып, халықты жұмыспен қамтуды мемлекеттік басқаруды реформалау саласындағы бірқатар міндеттерге қол жеткізуге ықпал ететін болады. Әрбір таңдалған тапсырма үшін жұмыстың негізгі бағыттары және оларды жүзеге асырудың мүмкін жолдары нақты болуы тиіс.

Ол үшін жергілікті атқарушы органдар жаңа құрылатын жұмыс орындары мен инвестициялық жобаларды өңірлік жұмыспен қамту бағдарламаларында көрсету керек. Жұмыс орындарын құрудың мониторингі орталықтандырылған ақпараттық жүйе арқылы қамтамасыз етілуі тиіс, мәліметтер салық және зейнетақы аударымдары арқылы және жасалынған электронды еңбек келісім-шарттар арқылы тексеру арқылы мониторинг жасалу керек.

Келесі бір үлкен шара – экономика қажеттіліктеріне қарай еңбек ресурстарының, оның ішінде жастардың кәсіби дағдыларын дамыту қажет, ол үшін кәсіби біліктілікті мойындау жүйесі қалыптасып, жұмыскерлердің дағдыларын сертификаттау енгізілуі тиіс. Жастар арасындағы сауалнаманың нәтижесінде еңбек көшінің басты себептері анықталды, ол үшін жастардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, мансаптық өсуге жағдай жасалу керек. Ол үшін жаңадан жұмысқа тұрған жастарға тұрғын үй беру тетіктері қаралып, кадрлық резерв құрылып, олардың кәсіби өсуіне кедергі жасамау керек.

Жұмыс орындарын құруда кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, қолдау қажет. Жұмыспен қамту инфрақұрылымын цифрландыру бүгінгі күні өзекті. Өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар үшін еңбек қатынастарының жаңа нысандарын тіркеу және арнайы салықтық тәртіп енгізу маңызды.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сабинова Р. К., Мукашева А. Ж., Бисембиева Ж. К. Белгісіздік жағдайындағы жастардың жұмыссыздық мәселесі // *Central Asian Economic Review*. – 2020. – № 5(134). – Б. 21-31.
2. McArdle S., Waters L., Briscoe J. P., Hall D. T. Employability during unemployment: Adaptability, career identity and human and social capital // *Journal of Vocational Behavior*. – 2007. – № 71(2). – P. 247-264.
3. Cheng G. H.-L., Chan D. K.-S., Au W. T. Profiles of employability and their career and psychological implications among unemployed youth // *Applied Research in Quality of Life*. – 2020. – № 16. – P. 2205-2219. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s11482-020-09869-4>.
4. Patrick C., Stephens H., Weinstein A. Where are all the self-employed women? Push and pull factors influencing female labor market decisions // *Small Business Economics*. – 2016. – № 46(3). – P. 365–390.
5. DiGuseppi G., Clomax A., Dodge J. R., Rice E. Social network correlates of education and employment service use among youth experiencing homelessness: A longitudinal study // *Children and Youth Services Review*. – 2021. – № 129. – Article number 106212.
6. Salud-Payumo C., Monsura M. P., Magpantay M., Sanguyo E., Guillo A. C. Socioeconomic profiling of communities surrounding Polytechnic University of the Philippines as basis of extension programs // *Annals of Tropical Medicine and Public Health*. – 2020. – № 23(13A). – Article number 8196.
7. Shibuya K., Guo H., Fong E. Unemployment patterns of local-born and migrant youth in a postcolonial society: a double cohort analysis // *Annals of the American Academy of Political and Social Science* – 2020. – № 688(1). – P. 20–37.
8. Koksharov V. A., Agarkov G. A., Sushchenko A. D. Precarisation of labour as a growing form of employment of young specialists in the context of the Covid-19 pandemic // *Economy of Region*. – 2021. – № 16(4). – P. 1061–1071.

9. Mokona H., Yohannes K., Ayano G. Youth unemployment and mental health: prevalence and associated factors of depression among unemployed young adults in Gedeo zone, Southern Ethiopia // *International Journal of Mental Health Systems*. – 2020. – № 14(1). – Article number 61. – DOI: <https://doi.org/10.1186/s13033-020-00395-2>.

10. Yip P., Chen M., So B. K., Lam K. F., Wat K. P. Optimal strategies for reducing number of people in the social security system // *International Journal of Environmental Research and Public Health*. – 2020. – № 17(4). – Article number 1305. – DOI: <https://doi.org/10.3390/ijerph17041305>.

11. Sighaldehy S. S., Zarghami F., Charkazi, A., Negarandeh R. A. Qualitative study of factors influencing the onset of hookah smoking among Iranian men with Turkmen ethnicity // *Journal of Epidemiology and Global Health*. – 2020. – № 10(2). – P. 135-142.

12. Wade-Bohleber L. M., Duss C., Cramer A., Von Wyl A. Associations of social and psychological resources with different facets of chronic stress: a study with employed and unemployed adolescents // *International Journal of Environmental Research and Public Health*. – 2020. – № 17(4). – P. 1-17.

13. Andersson L. Coordination patterns and institutional settings: a comparative study of labour market programs for unemployed youth in Sweden and the United Kingdom // *Policy Studies*. – 2022. – № 43(1). – P. 90-107. – DOI: [10.1080/01442872.2020.1724924](https://doi.org/10.1080/01442872.2020.1724924).

14. Assmann M.-L., Tolgensbakk I., Vedeler J. S., Böhler K. K. Public employment services: building social resilience in youth? // *Social Policy and Administration*. – 2021. – № 4(55). – P. 659-673.

15. Полищук Е. А. Институциональные практики регулирования рынка труда молодежи в зарубежных странах // *Российское предпринимательство*. – 2017. – № 5(18). – С. 831-848. – DOI: [10.18334/rp.18.5.37617](https://doi.org/10.18334/rp.18.5.37617)

16. COVID-19: how the EU fights youth unemployment [Электронный ресурс] // European Parliament [web-сайт]. – 2020. – URL: <https://www.europarl.europa.eu/news/en/headlines/society/20200709STO83004/covid-19-how-the-eu-fights-youth-unemployment> (Қарау уақыты: 15.07.2021).

17. Безработица во время пандемии: что предлагают центры занятости уволенным и работодателям [Электронный ресурс] // *Informburo.Kz* [web-сайт]. – 26 августа 2020. – URL: <https://informburo.kz/stati/bezrabotica-vo-vremya-pandemii-cto-predlagayut-centry-zanyatosti-uvolennym-i-rabotodatelnyam.html> (Қарау уақыты: 17.10.2021).

## REFERENCES

1. Sabirova, R. K., Mukasheva, A. Zh. and Bisembieva, Zh. K. (2020). Belgisizdik zhagdajyndagy zhastardyn zhumyssyzdyk maselesi. *Central Asian Economic Review*, 5(134), 21-31 (In Kazakh).

2. McArdle, S., Watersa, L., Briscoe, J. P. and Hall, D. T. (2007). Employability during unemployment: Adaptability, career identity and human and social capital. *Journal of Vocational Behavior*, 71(2), 247-264.

3. Cheng, G. H.-L., Chan, D. K.-S. and Au, W. T. (2020). Profiles of employability and their career and psychological implications among unemployed youth. *Applied Research in Quality of Life*, 16, 2205-2219, DOI: <https://doi.org/10.1007/s11482-020-09869-4>.

4. Patrick, C., Stephens, H. and Weinstein, A. (2016). Where are all the self-employed women? Push and pull factors influencing female labor market decisions. *Small Business Economics*, 46(3), 365–390.

5. DiGuseppi, G., Clomax A., Dodge, J. R. and Rice, E. (2021). Social network correlates of education and employment service use among youth experiencing homelessness: A longitudinal study. *Children and Youth Services Review*, 129, 106212.

6. Salud-Payumo, C., Monsura, M. P., Magpantay, M., Sanguyo, E. and Guillo, A. C. (2020). Socioeconomic profiling of communities surrounding Polytechnic University of the Philippines as basis of extension programs. *Annals of Tropical Medicine and Public Health*, 23(13A), 8196.

7. Shibuya, K., Guo, H. and Fong, E. (2020). Unemployment patterns of local-born and migrant youth in a postcolonial society: a double cohort analysis. *Annals of the American Academy of Political and Social Science*, 688(1), 20-37.

8. Koksharov, V. A., Agarkov, G. A. and Sushchenko, A. D. (2021). Precarisation of labour as a growing form of employment of young specialists in the context of the Covid-19 pandemic. *Economy of Region*, 16(4), 1061-1071.

9. Mokona, H., Yohannes, K. and Ayano, G. (2020). Youth unemployment and mental health: prevalence and associated factors of depression among unemployed young adults in Gedeo zone, Southern Ethiopia. *International Journal of Mental of Health Systems*, 14(1), 61, DOI: <https://doi/10.1186/s13033-020-00395-2>.
10. Yip, P., Chen, M., So, B. K., Lam, K. F. and Wat, K. P. (2020). Optimal Strategies for Reducing Number of People in the Social Security System. *International Journal of Environmental Research and Public Health*. 17(4). 1305, DOI: <https://doi.org/10.3390/ijerph17041305>.
11. Sighaldehy, S. S., Zarghami, F., Charkazi, A. and Negarandeh, R. (2020). A Qualitative Study of Factors Influencing the Onset of Hookah Smoking among Iranian Men with Turkmen Ethnicity. *Journal of Epidemiology and Global Health*, 10(2), 135-42, DOI: <https://doi.org/10.2991/jegh.k.191206.001>.
12. Wade-Bohleber, L. M., Duss, C., Cramer, A. and von Wyl, A. (2020). Associations of Social and Psychological Resources with Different Facets of Chronic Stress: A Study with Employed and Unemployed Adolescents. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 17(14), 1-17, DOI: <https://doi.org/10.3390/ijerph17145032>.
13. Andersson, L. (2022). Coordination patterns and institutional settings: a comparative study of labour market programs for unemployed youth in Sweden and the United Kingdom. *Policy Studies*, 43(1), 90-107, DOI: 10.1080/01442872.2020.1724924.
14. Assmann, M.-L., Tolgensbakk, I., Vedeler, J. S. and Böhler, K. K. (2021). Public employment services: building social resilience in youth? *Social Policy and Administration*, 4(55), 659-673.
15. Polishchuk, E. A. (2017). Institucional'nye praktiki regulirovaniya rynka truda molodezhi v zarubezhnyh stranah. *Rossiyskoe predprinimatelstvo*, 18(5), 831-848, DOI: 10.18334/rp.18.5.37617 (In Russian)
16. COVID-19: how the EU fights youth unemployment. (2020). *European Parliament website*. Retrieved July 15, 2021, from <https://www.europarl.europa.eu/news/en/headlines/society/20200709STO83004/covid-19-how-the-eu-fights-youth-unemployment>.
17. Bezrobotica vo vremja pandemii: chto predlagajut centry zanjatosti uvolennym i rabotodateljam. (2020). *Informburo.Kz website*. Retrieved October 17, 2021, from <https://informburo.kz/stati/bezrobotica-vo-vremya-pandemii-chto-predlagayut-centry-zanyatosti-uvolennym-i-rabotodateljam.html> (In Russian).

## RESEARCH OF THE YOUTH LABOR MARKET IN THE CONTEXT OF A PANDEMIC

R. K. Sabirova<sup>1\*</sup>, G. Zh. Karimbaeva<sup>2</sup>, A. K. Dzhumaeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Kazakh University of Economics, Finance and International Trade,  
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

---

---

### ABSTRACT

*The purpose of this article* is to study the public opinion of the youth of Kazakhstan on the problem of employment, labor market and labor migration, as well as to develop proposals for regulating the youth labor market.

*Research methodology.* On the territory of 14 regions of Kazakhstan and 3 cities of republican significance: Nur-Sultan, Almaty and Shymkent, Atyrau city and 7 districts in Atyrau region, a survey of young people on the social well-being of young people aged 18-25 in Kazakhstan, including employment problems, labor market and labor migration was conducted. The survey was attended by young people of the Republic of Kazakhstan aged 18 to 25 years. The total volume of the sample set of studies was 4 000 people.

*Originality / value of the research.* The problems related to the labor market and labor migration of young people of the Republic of Kazakhstan under "COVID-19" have been identified.

*Findings.* The article deals with the issues of the youth labor market in Kazakhstan, youth unemployment and youth labor migration, and based on the results of the survey, recommendations are given on state regulation of the youth labor market. In particular, state support for entrepreneurship in the field of youth employment, digitalization of labor market infrastructure, development of youth professional skills.

*Keywords:* youth labor market, state regulation of the labor market, youth unemployment, youth labor migration, youth employment.

*Acknowledgments:* The study was carried out within the framework of grant financing of scientific and scientific-technical projects of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan № AP08956950 «Improving the system of social protection of unemployed youth in the Republic of Kazakhstan in condition of uncertainty».

In this regard, we express our gratitude to the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for funding the project, our Russian colleagues A.V. Grigoriev and A.V. Rogov, who participated in the research project and in the development of the research questionnaire.

## ИССЛЕДОВАНИЕ МОЛОДЕЖНОГО РЫНКА ТРУДА В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ

**Р. К. Сабирова<sup>1\*</sup>, Г. Ж. Каримбаева<sup>2</sup>, А. К. Джумаева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Казахский университет экономики, финансов и международной торговли,  
Нур-Султан, Республика Казахстан

---

---

### АННОТАЦИЯ

*Цель исследования* – исследование общественного мнения молодежи Казахстана о проблеме занятости, рынка труда и трудовой миграции, а также разработать предложения по регулированию молодежного рынка труда.

*Методология исследования.* На территории 14 областей Казахстана и 3 городов республиканского значения: Нур-Султана, Алматы и Шымкента, города Атырау и 7 районов по Атырауской области проведен опрос молодежи о социальном самочувствии молодежи в возрасте 18-25 лет в Казахстане, в том числе о проблемах занятости, рынка труда и трудовой миграции. В опросе приняли участие молодые люди Республики Казахстан в возрасте от 18 до 25 лет. Общий объем выборочной совокупности исследований составил 4 000 человек.

*Оригинальность / ценность исследования.* Выявлены проблемы, связанные с рынком труда и трудовой миграцией молодежи Республики Казахстан при «COVID-19».

*Результаты исследования.* Рассмотрены вопросы молодежного рынка труда Казахстана, молодежной безработицы и молодежной трудовой миграции, а по результатам опроса даны рекомендации по государственному регулированию молодежного рынка труда. В частности, государственная поддержка предпринимательства в сфере занятости молодежи, цифровизация инфраструктуры рынка труда, развитие профессиональных навыков молодежи.

*Ключевые слова:* рынок труда молодежи, государственное регулирование рынка труда, молодежная безработица, молодежная трудовая миграция, занятость молодежи.

*Благодарности:* Исследование проводилось в рамках грантового финансирования научных и научно-технических проектов Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан № AP08956950 «Совершенствование системы социальной защиты безработной молодежи в Республике Казахстан в условиях неопределенности».

В связи с этим выражаем благодарность Комитету науки Министерства образования и науки Республики Казахстан за финансирование проекта, нашим российским коллегам участвовавшим в проекте по проведению исследования и в разработке опросника по исследованию А. В. Григорьеву и А. В. Рогову.

### АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

**Сабирова Рысты Куандиковна** – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті, Атырау, Қазақстан Республикасы, e-mail: sabirovarysty@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-9947-6564>\*

**Каримбаева Гульжан Жанадилевна** – экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы, e-mail: karimbaewagul@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0003-2198-3985>.

**Джумаева Айгуль Кабджановна** – экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті, Атырау, Қазақстан Республикасы, e-mail: dzhumaeva.a@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-7498-0350>.